

**Әлеуметтік-педагогикалық және ғылыми-техникалық  
бағыттағы қосымша білім беру ұйымдары басшыларының  
Республикалық Үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысының  
ұсынымдары**

**2016 жылғы 22 қаңтар**

**Екібастұз қаласы**

Қазақстандағы балаларға қосымша білім беру жүйесі радикалды және әлеуметтік-экономикалық реформаларының салдарынан қарқынды өзгеру үстінде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауының «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» тақырыбындағы стратегиялық бағдарына сәйкес және Елбасының (№ 3594-207.10.2014 ж.-нан) «Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін 2015-2018 жылдары дамыту» тапсырмасы (07.10.2014 № 3594-2), «Үлкен Ел - үкен отбасы», «Ұлт жоспары - 100 нақты қадамға» жобасы аясында, сонымен қатар «Мәңгілік Ел» ұлттық идея және «Ұрпақ+» жобаларын орындау мақсатында қосымша білім беру жүйесін жаңарту қажет екендігі анықталып отыр.

Әлеуметтік ортаның талаптары мен балалар қажеттілігіне сай келетін, қоғамдағы қосымша білім беру жүйесі миссиясын іске асырып дамыту үшін, қосымша оқытуды инновация жолына көшіру болып табылады.

Біздің еліміздегі балаларға қосымша білім беру жүйесінің тиімділігін бірінші кезекте әкімшілік және педагогикалық кадрлардың қажетті инновациялық шараларын игерулеріне байланысты, инновациялық – стратегиялық: ұйымның дамуы мен қызметінің бағдарламалары, ғылыми-техникалық алаңдар қызметі, инновациялық жобалар сияқты құжаттарды ойлап табу мен жүзеге асырылады.

Қосымша білім берудің жаңа қырлары мен ұйымдастырушылық формаларының анықтауда ведомствоаралық ынтымақтастықты нығайту, жаңа тәсілдер мен нысандарын анықтау мемлекеттік саясат стратегиясының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Үйлестіру кеңесінің мүшелері, қосымша білім беруді дамытуға оның табысты жұмыс істеуінің жетекші факторы ретінде әлеуметтік-педагогикалық, материалдық қолдау, өнертапқыш салаларында балалармен тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру, ғылыми-техникалық және басқа да балалардың шығармашылық түрлерін, олардың кәсіби бағдар, қоғамдағы және мемлекеттік өмірге қатысуын дамытуға бағытталған ауқымды сұрақтарын қарастырып, келесі ұсынымдарды әзірледі:

**Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігіне, (Республикалық қосымша білім беру оқу -әдістемелік орталығына):**

- ғылыми-техникалық және әлеуметтік-педагогика бағытындағы қосымша білім беру педагогтарына тұрақты түрде біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырсын;

- қосымша білім беру бағыттары бойынша республикалық іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету, соның ішінде өнертапқыш және ғылыми-техникалық шығармашылығы сайыстарын ұйымдастырсын;

- қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық бағытын жүзеге асыратын бағдарламаларына қажетті ақпараттық және ғылыми-әдістемелік қамтылуын қамтамасыз етсін;

- 2015-2016 оқу жылында үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде балаларға қосымша білім беруді дамыту үшін жағдай жасап отырған Павлодар облысы білім беру басқармасының тәжірибелерімен танысу және жалпылау ( 2016 ж. 1шідесіне дейін) ;

- Қарағанды қаласының Балалар мен жасөспірімдер сарайының (директор Алтынбекова Ш.А.), Павлодар қ. М.М. Катаев атындағы облыстық оқушылар сарайы (директор Ерубаетова А.Ж.), Павлодар облысының Екібастұз қ. «Қайнар» білім беру және сауықтыру кешені (директор Клепица Ф.Н.) тәжірибелерімен танысу және жалпылау ( 2016 ж. 1 шілдеге дейін)

### **Жергілікті атқарушы органдар:**

- 2015-2018 жылдарға арналған өнертабыстар мен Қазақстан Республикасындағы балалар мен жастардың техникалық шығармашылығын дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыруды қамтамасыз етсін;

- мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі аясында оқушылар үйі, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының орталықтарындағы, ғылыми-техникалық бағытындағы үйірмелер желісін кеңейтуіне жағдай жасалуын қарастырсын;

- 2012-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарына (25 маусым, 2012 жылғы Қазақстан Республикасының Үкіметі № 832 кеңсесінде бекітілген) сәйкес оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер орталығының шығармашылығы аясында және бизнес-құрылымдарын тарта отырып балалар интерактивті саябақтарын ашу мүмкіндігін қарастырсын;

- мектептерде қызығушылық үйірмесін ашу үшін қосымша білім берудің ресурстық орталықтары ретінде қолданыстағы сыныптан тыс ұйымдарды пайдалансын;

- білім беру ұйымдары арасындағы қосымша білім беру бағытындағы мекемелер, мұражайлар мен басқа да мәдени, спорт мекемелері арасындағы ынтымақтастықты ілгерілетуге қолдау көрсетсін;

- республикалық техникалық шығармашылық пен өнертабыс (әуе, зымырандар, көлік, кеме модельдеуі, қолданыстағы жұмыс робототехника модельдері) сайыстарына қатысуды, және аймақтық сайыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

**Балалар шығармашылығының орталықтары және оқушылар сарайы мен үйлерінің басшыларына:**

- мәдени және білім беру жобасын орындауға бағытталған іс-шаралар жоспарын, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25-жылдығын ескере отырып әзірлеу (мерзімі: 10 ақпаны 2016 ж);

- «Ұрпақ+» жобасын орындауға бағытталған жұмысты ұйымдастыру;

- Қазақстан Республикасында балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамыту бойынша 2015-2018 жылдарға арналған тұжырымдамалық тәсілдерді ескере отырып, ғылыми-техникалық бағыттағы оқушылар сарайы, балалар шығармашылығы орталықтары, станциялар мен орталықтар қызметінің жоспарларына өзгерістер енгізсін;

- біліктілігін шыңдау курстарына педагогтар құрамының қатысуларын қамтамасыз етсін;

- қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында балалардың ерекше қажеттіліктері мен мүдделерін жүйелі түрде мониторингін анықтауды қамтамасыз етсін;

- мектептерде қызығушылық үйірмесін ашу үшін қосымша білім берудің ресурстық орталықтары ретінде қолданыстағы сыныптан тыс ұйымдарды пайдалансын;

- қосымша білім беру ұйымдарының материалдық-оқытушылық ресурстарды пайдалану және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік қызығушылықтары аясында, мектептерде қызығушылық үйірмелерін

ашуға бағытталған білім беру мектептері мен мектептен тыс ұйымдар арасындағы қарым-қатынасын ұлғайтсын;

- балаларға қосымша білім беру ұйымдарында басқа салалардағы жоғары білікті кадрларды (инновациялық өндіру, ғылым, өнер, спорт, және т.б.) тартсын;

- қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдарын барлық білім беру ұйымдарымен желілік қарым-қатынасын дамытсын;

- оқыту-тәрбиелеу процесіне жаңа технологиярды, соның ішінде ақпараттық, шығармашылық дамудың телекоммуникациялық технологияларын енгізсін;

- жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауына жәрдемдесу үшін, алдын-ала профильді оқытудың дамуына мүмкіндік жасасын

- өнертапқыш саласындағы «Шапағат» Республикалық байқауының жеңімпаздарымен сұхбат, кездесу өткізуді ұйымдастырсын ( ақпаратты 2016ж. 1 сәуіріне дейін ҚР БҒМ РҚББОӨО жолдасын)

- уақыт талаптарын ескере отырып, балалар қызығушылықтарын, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары үйірмелері мен секция бағыттарын қарап шықсын;

- білім-алушылардың,соның ішінде мінез-құлық девиантты білім алушылардың сабақтан тыс уақытта түрлі бағыттағы үйірме, секцияларда бос уақытын қамтамасыз етуге және арттыруға ықпал етсін.

**Техникалық шығармашылық станциялары мен орталықтарының басшыларына:**

- қосымша білім беруді дамыту, соның ішінде балар мен жастардың өнертабыстар мен техникалық шығармашылығын дамыту мақсатында жоғары оқу орындары, колледждер, өнеркәсіп орындары, бизнес-құрылымдары арасындағы қарым-қатынастырын жақсарту;

- республикалық өнертабыстар мен техникалық шығармашылық сайыстарына белсенді қатысуға (әуе, зымыран, көлік, кеме модельдеуіе, қазіргі уақытта қызмет көрсетіп отырған робототехника модельдері) ;

- «Роболенд – 2016» халықаралық фестиваліне қатысу үшін, «КазРоботикс» «Қазақстанның білім беру және спорт роботтехника федерациясы» РҚБ және Қазақстан Республикасының оқу жабдықтарын өндірушілер мен жеткізушілердің қауымдастығы «Kazdidac» аймақтық сайыстарын өткізуге жәрдемдессін;

- балалардың қоғам және мемлекет өміріне тиімді араласуын қарқындату, ғылыми-техникалық және өнертабыс саласында балалардың әлеуметтік бастамаларын дамыту мақсатында «Жас ұлан», «Жұлдыз» балалар қоғамдық бірлестігі, «ҚР барлаушылар бірлестігі» сияқты сан-қилы балалар қоғамдық ұйымдарының қарым-қатынас жасауын дамытуға барынша жәрдемдессін;

- балалар мен жастардың қосымша білім алуына және білім алушыларды әлеуметтендірудің инновациялық формаларына арналған аймақтық сайттар бөлімін құру және толтыру бойынша жұмыстарды жалғастырсын;

- инновациялық технологиялардағы техникалық шығармашылықты, соның ішінде білім беру робототехниканы дамытуға қажетті инновациялық технологияларды дамыту қажетті құрал-жабдықтар қамтамасыз ететін ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлесін (мерзімі: 2016 ж. 1 сәуір);

- өткізілген іс-шаралар бойынша ақпаратты [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтына орналастыру үшін ҚР БҒМ РҚББОӨО-на ай сайын ақпарат жолдасын.

- білім алушылардың зияткерлік саласын кеңейту үшін олардың бастауыш кәсіптік қызығушылығының белсенділігін арттыру,

балалардың ақпараттық-коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру үшін  
[www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтының мүмкіндігін пайдалансын.